

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

жұмысшылардың еш уайымсыз өз істерін жасауға зор мүмкіндік берді. Ал кадрларды дайындайтын арнайы мекеме ар жылда 100 жуық кадрларды дайындап отырған. Соғысқа тура қатыспасада, Қазақсельмаш зауытының жұмысшылары аз ғана уақыт ішінде кең көлімді әрі стратегиялық жағынан өте маңызды зауытты құрастырып, оны аяққа нық тұруына үлкен септігін тигізгені де - өте үлкен ерлік.

Қолданылған әдебиет:

1. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты Фонд 46 опись 1, дело 1,3,4,5,6,8,11,13,16,17
2. Астана ақшамы газеті «Тылдағы Ақмола» Д.Сейтқали
3. «Казахстан в период великой отечественной войны советского союза» 2 том изд. «Наука» Алма-ата 1967 ж
4. «Казахстан арсенал фронта» М.Қозыбаев. 1970 ж
5. Ақмолинцы на фронте и в тылу Кусаинов М.К 2010 ж

УДК 961/959 (5Каз)

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ДАЛА ХАНЫМДАРЫ

Жакиянова Арай Нургазыевна

arai_0714@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, Тарих мамандығының магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Т.С. Садықов.

Отандық тарих ғылымында үлкен ғылыми зерттеулерді қажет ететін тың тақырыптардың бірі ел тарихындағы қазақ әйелдерінің алатын орны болып табылады. Әсіресе, қазақ халқының басына ауыр кун туған XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ханымдарының қазақ хандығының өміріне ықпалы зор болғандығын тарих беттері айғақтайды.

Қазақ тарихында есімі алтын әріппен жазылатын аналарымыз, аруларымыз баршылық. Қазақ қоғамының даму тарихына үңілсек, аналарымыздың, аруларымыздың ұрпақ тәрбиесімен қатар, ұлт тағдырында айырықша орнын алғандығын байқауға болады.

Ұлт тарихындағы елеулі болған оқиғаларға белсене араласқан Томирис, Зарина, Қарашаш, Абылайқызы Айтолқын, Бопай ханым мен Айбике аналарымыздың есімдерін ерекше атаймыз. Бірақта, бұл ел тарихындағы қазақ ханымдарының күннен-күнге жадымыздан шығып, ұмыт болып бара жатқаны ащы шындық. Сондықтан қазірде есімдері еміс-еміс есте жатталған қазақ ханымдары жайлы айту күн талабынан туындап отыр. Өйткені, ұлы даланың амазонкалары аталған Томирис, Тұмар, Зарина патшайымдар, қасиетімен дала аңызына айналған Ұмай, Домалақ аналар, ел басқарған ерлердің әрі жұбайы, әрі анасы атанған Жаған бегім, Бопай ханым, Айғаным ханша, Фатима Тоташ, Күнімжан ханым сияқты әйелдер бейнесі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардың аналарының есімдері тарихта сақталмаған. Алайда, Жалайыридің «Жылнамалар жинағын» негізінде Жәнібек ханның жарының есімі бізге мәлім болды. Ол – Шайбани әулетінің атақты ханы Мұхаммед Шайбанидің інісі Махмұд сұлтанның нағашы әпкесі Жаған бегім болатын. Дегенмен Жәнібек ханның бел баласы Қасым ханды өмірге әкелген Жаған бегім жайында тарихи мәліметтер сирек деуге болады. Жаған бегімнің шығу тегінде де тарих бүккен сырлар бар екен. Бұл туралы тарихшы ғалым Нұрлан Атығаев: «Қасым мен Қамбар сұлтанның анасы Жаған бегімнің шығу тегі әлі белгісіз болып отыр. XVI ғасырдың басында жазылған Молла Шадидың «Фатх-наме», Камал ад-Дин Бинаидың «Шайбанинаме» және авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» (бұл шығарманы жазуға өзбек

билеушісі Мұхаммед Шайбани тікелей қатысқан) шығармаларында Қасымның шешесі Жаған бегім мен Шайбан ұрпағы Махмұд сұлтанның анасы Ақкөзі бегім апалы-сіңлілі болды деп көрсетіледі. Камал ад-Дин Бинаи Ақкөзі бегім «Алтан хан ұрпағы» деп жазады.

В.П.Юдин пікірінше, Алтан хан (Алтын хан) атауымен әртүрлі әулеттердің, соның ішінде Қытай билеушілері аталып жүрді. Ортағасырлық тарихшы Ходжамқұли Балхи өзінің «Тарих-и Қыпшақ-хани» атты шығармасында Ақкөзі бегім «Қытай билеушісінің қызы» деп анық көрсетеді. Алайда, Жаған бегім осы кезеңде Қытайда билік құрған Мин әулетімен туыстық байланыста болды деп сеніммен айтуға қосымша деректер қажет. Бізге белгілі деректерде, ең алдымен Қытай жылнамаларында ондай мәліметтер жоқ. Сонымен қатар, осы кезеңде қазақтар Қытаймен қарым-қатынаста болмады деп үзілді-кесілді айтуға да болмайды. Қазақтармен тығыз байланыста болған моғұл билеушілерінің Мин әулетімен қарым-қатынас ұстағаны туралы деректерде мәліметтер бар. Мысалы, қытайлармен Жүніс ханның (қытай деректерінде – Аэр [Али] сұлтан), Сұлтан Ахмад ханның (Ахаметэ, Ахэйма), Сұлтан Махмұд ханның (Муханьмо) және Мансұр ханның (Мансуэр) байланыста болғаны белгілі. Сонымен қатар, зерттеушілер Мин әулеті осы кезеңде алыстағы Мысыр елімен және Араб халифатымен дипломатиялық қатынаста болғаны туралы жазатынын ұмытпау керек» -деп пікір білдіреді [1].

Осы айтылған ғалымның пікірінен кейін Жәнібек ханға жар болған, Қасым хандай ұлды тәрбиелеген Жаған бегім тұлғасын әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, қазақ хандары мен қазақ батырларын өмірге әкелген, аналық парызын аса жауапкершілікпен орындаған, өз баласын ел баласы, ұлы дана дәрежесіне жеткізуге елеулі үлес қосқан Жаған бегім сынды асыл аналар тарихтан өз орындарын лайықты алуы тиіс деп білемі.

Тұңғық тарих пен әдебиет әлемін біте қайнастырып, біртұтас дүниеге айналдырып жатқан Жәңгір ханның кіші әйелі Фатима ханым. Тарихи деректерге сүйенсек, татар қызы Фатима көз тартар сұлу, маңғаз, мәдениеттілігі мен ақылдылығын көркіне сай ару болған. Оны айқындайтын деректерде бар. Фатима еуропаша білім алған, қазақ және татар тілдерімен қоса, орыс, француз, неміс тілдерін жетік меңгерген екен. Фатима ханым фортепианода ойнаған, бимен әуестенген өнерлі жан болған. Жәңгір ханның таңдауы Фатимаға неліктен түскендігі туралы сұрақтың жауабын осы тұста байқаймыз.

Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің қалауына нұр жауып, 1824 жылдың күзінде Орынбор муфтиі Мұхамеджан Хусейновтың қызы Фатимаға үйленеді. «Ол киіз үйде қалай өмір сүрмек, тіпті киіз үйі алтын болса да жапан түзге баруы міндетті ме?» деген жақындарының ащы сөзіне Фатима мән бермеген. Осылайша, Фатима қазақтың кең даласында тігілген қазақы үйге келін боп түседі. Жәңгір ханның Жасқұс деген жерге сарай салдырғаны жайлы мәлімет бар. Яғни, бұл мәліметке сүйенсек, Фатиманың ықпалы осы жерде көрініс береді. Өйткені, татар қызы хан әйелі болып қана қоймай, арқа сүйер сенімді серігі және ақыл қосқан кеңесшісі бола білді. 1826 жылы хан Жәңгір жұбайы Фатима ханшамен Орыс патшасы Николай I таққа отыру рәсіміне шақырылады. Мәскеу қаласында өткен осынау салтанатты жиында Фатиманы Николай патша биге шақырып, оның білімділігі мен мәдениеттілігіне, парасаттылығына, орысша сөйлеу мәнеріне, билегеніне тәнті болады. Бұл туралы Т. Боранғалиұлының «Жәңгір хан» тарихи романында айтылады. Онда Фатима ханымды патша сарайындағылар қатты құрметтеген.

Бөкей Ордасының сыйлы ханымына 1829 жылы патшайым Александра Федоровна бразилия топаздарымен безендірілген алтын диадема, тарақ және сырға сыйлағандығы жөнінде жазылады. Тарихи дерекке сүйенсек, Қазан төңкерісіне дейін Фатима ханымның портреті Кремльдің Георгиевский залында ілулі тұрған екен. Онда «Фатима (1809/11 ж.ш., Орынбор – 2.10.1845, Бөкей Ордасы) – Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің әйелі» деген жазулар жазылған [2]. Ресей империясы тұсында патша сарайының Фатима ханымды құрметтеуі, сыйлауынан орыс шенеуніктерінің хан Жәңгірге деген ықыласының артуына ықпал еткенін аңғарамыз. Осыдан Жәңгір ханның халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту

мақсатында атқарған іс-шараларына оның асыл жары Фатиманың бағыт-бағдар нұсқап, ақыл-кеңес беріп отырғанын байқауға болады.

Қазақ тарихында ұлы дала ханымдары қатарынан орын алатын тұлға Кенесары ханның әйелі – Күнімжан. Ел тарихында Кенесары ханның сүйікті жары туралы көп мәліметтер айтыла бермейді. Күнімжан ақылына көркіне сай, ханға нағыз жар болуға лайық қазақтың қызы болған. Шыққан тегіне көңіл аударсақ, арғы тегі ел арасында өте беделді адамдар болған. Әкесі – Тұрсын атақты байлардың бірі саналған. Бұдан Кенесары ханның текті жердің қызын алғанын байқаймыз. Күнімжан жұбайы Кенесарыны «күйеуім», «ерім» деп емес, тек «төрем» деп атаған екен.

Атақты жазушымыз Ілияс Есенберлин «Қаһар» романында Күнімжан ханымды былай деп суреттейді: «...Оймақ ауыз, құмай көз, қара торының сұлуы. Екі бала тапқанына қарамастан, сұңғақ бойына жарасқан тіп-тік, жұдырықтай қос анары, алтын жамбылы алқасын тырсылдата керіп, аш белі үзіліп кетердей талып, мықынынан төмен бура санды бөксесін мейлінше айқындап тұр. Үстінде – шытырман дүрия жібек көйлек, көгілдір торқа, оқалы қамзол, оның сыртынан шетін құндызбен әдіптеген дүрия қызыл шапан киіпті, басында – ақ меруерт өрген алтын теңгелері қабаққа түсе сылдыр қаққан қызыл барқыт сәукеле. Сыртынан ақ торғын шәліні төгілдіре жамылған. Құлағына таққан үш буынды сырғалары мен арқасына жарыса түскен тоқпақтай бұрымының ұшындағы төрт қатар шолпысы патшаның кілең бір сомдық тиын ақшасынан қиыстырылған» [3].

Көркем әдебиетте Кенесары мен Күнімжанның махаббатына үшінші жақ–Қоңырқұлжаның кедергі болатын тұстары бар. Қоңырқұлжа Күнімжанның қалың малы есебіне үйір-үйір жылқы беріп, өзін тоқалдыққа алмақшы болады. Бір жолы Күнімжанды көріп қалған Кенесары жас сұлуға о бастан ғашық болады. Он жетіге жаңа толған жас ару да Кенесарыны ұнатады екен. Көп ұзамай «Күнімжанды маған берсін» деп қыздың ата-анасына құдалыққа кісі жібереді. Осылайша Кенесары жеделдетіп осылай жасамағанда, күндей сұлу Күнімжан қалың малын төлеген Қоңырқұлжаға тоқал болып кетер берер ме еді сұрақта көкейде тұрады. Сөйтіп, Күнімжан Көкшетау баурайындағы Қасым төренің ауылына ұзатылады. Көп ұзамай Күнімжан ханым асыл жардан ақылды данаға, ел қамын ойлайтын ел анасына айналады. Бұл уақыт Кенесары ханның Ресей өкіметімен қарсы айқасып жүрген кезі болатын. Ауылда Кенесары ханның жоғын пайдаланып Обручев бастаған жазалаушы отряд жүзден астам төлеңгіттерді өлтіріп, дүние мүлікті тонап, 30 шақты күтуші қыз-келіншектермен қоса ханның бәйбішесі Күнімжанды тұтқынға алып кетеді. Мұндағы жазалаушы отрядтың басты мақсаты–Күнімжан ханымды тұтқындап, көтеріліс басындағы Кенесарыны мәжбүрлеп келісімге келтіру болды. Оған Кенесары көнген жоқ. Бұл іс-әрекеттерінен ештеңе шықпаған Обручев бастаған жазалаушы отряд Күнімжан ханымды қызметшілерімен қоса еліне қайтарады. Күнімжан қамақта болған кезде өзін нағыз ханның жарына лайық ұстайды. Байсалды, байыпты болмысымен орыстар берген сый-сияпаттарына назар аудармай, күтушілеріне таратып отырған. Бұдан байқайтынымыз Күнімжанның Кенесары ханға және ханға лайық жар, әрі жан болғанына көз жеткіземіз.

Белгілі тарихшы Жанұзақ Қасымбаев «Кенесары хан» атты кітабында Күнімжан ханым жайлы былай дейді: «Кенесарының бәйбішесі Күнімжан азаттық күрестің барлық дерлік өрісті уақиғаларының куәсі болды. Патша үкіметінің отаршылдық азабын бірдей тартып, ханның басына түскен ауыртпалықтың бәрін, өмірінің ыстық-суығын бірге көтерді. Жапар, Тайшық, Ахмет тәрізді хан мирасқорларының анасы Күнімжан балаларын халық үшін күрестің мүддесіне шыңдады», – деп жазады» [4].

Қазақ тарихында Әбілқайыр ханның үлкен әйелі Бопай ханымның алатын орны айырықша. Бопай ханымның шыққан тегі жөнінде Ә. Атшыбаевтың «Кіші жүз шежіресінде» Адай Табынай батырдың қызы делінсе, қайсыбір авторлар Еділ қалмақтарына қарсы жорықтарда қолбасшылығымен танылған Сүйіндік батырдың қызы дейді [5].

Бопай ханым ел басқару ісінде Әбілқайырдың сенімді әрі ақылды серігі болып, ханмен бірге дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеп отырған. Қазақ халқының басына ел болу не мүлдем жоғалу қаупі туған шақта Әбілқайыр ханың саясатына бірден-бір қолдау білдірген берік адам болды. Ел іші істерінің кем тұстары болса кеңес беріп, оны арттырып отырған. Кейбір тұста, әйел заты қатыспайтын құрылтайға барып, қазақ хандығының ішкі және сыртқы мәселелерін шешуге атсалысқан болатын. Өз атынан орыс патшайымдары Анна Иоановна, Елизавета Петровна, бригадалық генерал А.И.Тевкелев, Орынбор губернаторы И.И.Неплюев, канцлер А.П.Бестужев-Рюминтермен хат алмасып тұрады. Және ол хаттардың мазмұнынан ел мүддесіне қатысты ұстанған бағыттарын, алдағы жоспарларын айқын аңғаруға болады. Тарихшы А.И.Левшин: «Бопай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті», – деп жазды [6]. Негізінен шын есімі Бәтима болған Бопай ханымды орыс жазбаларында неліктен Попай, тіпті кейбір жазбаларда Пупай депте аталғандығы туралы нақтылы деректер жоқтың қасы деуге болады. Тек тарихшылар зерттеулерінде анық дәлелденгені – Әбілхайырдың Бопайдан өрбіген ұл перзенттері бесеу - Нұралы (1710/11-1790), Ералы, Айшуақ, Қожахмет, Әділ болды. Әбілхайыр хан дүниеден өткеннен кейін Елизавета патшайымның жарлығымен Нұралы Кіші орданың хан тағына отырады. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жайында ағылшын суретшісі Дж. Кэстльдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Бұл деректерде 1736 жылы ағылшын саяхатшысы Джонь Кэстль қазақ даласын келіп, Әбілхайыр хан ордасына соға кетеді. Сонда суретші Дж.Кэстль салған суретте Бопай ханым балалаларымен кетіп бара жатқаны суреттеледі. Бопай ханымның Әбілқайыр хан және оны қоршаған адамдарға жасаған ықпалының арқасында, тарихшылар Бопай ханымды оны орта ғасырлар дәуірі мен жаңа заманның аса көрнекті қазақ әйелдерінің біріне жатқызады.

Қазақ ханымдары сол дәуірдің кеңесшілері болды, сол заманның ырқына көніп, ел басшыларының тұрмыс жағдайына да, мемлекеттік істерінің орындалу барысына араласып отырды. Ел тарихында бір қолымен бесікті, екінші қолымен ел тыныштығын тербеткен қазақ әйелдері-ұлы дала ханымдарының жоғары рухы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуы бүгінгі күннің үлкен міндеті. Өйткені, ұлы дала ханымдарына айналған қазақ әйелдерінің болмыс бітімі аруларымызға, болашақ аналарымызға өнеге.

Қолданылған әдебиет:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996, 217 б.
2. Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан. Егемен Қазақстан. - 2000. - 24 қараша
3. Есенберлин І. «Қаһар» тарихи роман. «Жазушы» баспасы: Алматы, 1969, 87 б.
4. Қасымбаев Ж. Кенесары хан. Ж. - Алматы: Қазақстан, 1993, 112 б
5. Атшыбаев Ә. Кіші жүз шежіресі. - Алматы, 1966.